## Қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 181 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 маусымда N 14-2-130 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 16.02.2015 № 131 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағы негізінде, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: елді мекендер аумақтарын көріктендіру және тазалау.

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталғандармен жазаны өтеу орны: «Қызмет-Сервис-Арыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Ауыл округтерінің әкімдері Арыс аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ділдәбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Қ.Сыдықов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК